

# ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚАРАРЫ

27 қараша 2023 жыл

№XXV

Миялы ауылы

## 1-мәселеге:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, күн тәртібіндегі мәселені тыңдап, талқылап, аудандық қоғамдық кеңес отырысы **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.«Аудан бойынша мектеп оқушыларына ыссы тамақтың берілу жайы туралы» аудандық білім бөлімінің басшысы Г.Әнжанованың атқарған жұмыстары бойынша хабарламасы мақұлдансын;

2. Облыстық білім беру басқармасының бекітілген ас мәзіріндегі кейбір тамақтарға өзгеріс енгізуге ұсыныс берілсін;

3. Ыстық тамақпен қамтамасыз етемін деп конкурстық негізде ұтып алған кәсіпкерлер мектептерді диетолог маманмен қамтамасыз ету;

4. 2024 жылы 3 бастауыш (Жамансор, Жантерек, Тасқұдық) мектеп оқушыларын құрғақ тамақпен қамтамасыз ету;

5. Жамансор мен Тасқұжық елді мекеніндегі бастауыш мектеп оқушыларын елді мекен шегінде орналасқан өндіріс мекемелерінің асханасы арқылы бір реттік ыдыстармен ыстық тамақ ұйымдастыруды қарау;

6. Мектеп асханаларының санитарлық жағдайын қадағалау және аспаздар киім үлгісін сақтау;

7. Аудандық қоғамдық кеңестің ҚАРАРЫ шаралар алу үшін тиісті мекемелерге жолдансын және орындалуы жөніндегі хабарламаны 2024 жылдың ақпан айында Кеңеске табыстау ұсынылсын.

## 2-мәселеге:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, аудандық қоғамдық кеңес отырысы **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жер саласы бағытында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы Е.Нұралиннің атқарған жұмыстары туралы хабарламасы мақұлдансын.

## 3-мәселеге:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, аудандық қоғамдық кеңес отырысы **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.Аудандық қоғамдық кеңестің 2024 жылға жұмыс жоспарына аудандық аурухана, аудандық полиция, аудандық ішкі саясат бөлімінің жұмыстарын тыңдау қосылсын;

2. 2024 жылғы қоғамдық кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін;

3. Жұмыс жоспар тиісті бөлім мен мекеме басшыларына жолдау қоғамдық кеңес хатшысына тапсырылады;

Қоғамдық кеңес төрағасы:

Ж.Ізбасқан

	енгізу туралы» аудандық мәслихат шешімінің жобасын талқылау және тұжырымдау туралы.	1 рет	бөлімінің басшысы
14.	Аудандық қоғамдық кеңестің қарауына түскен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау және тұжырымдау туралы.	Мерзімінде	Жобаны дайындаушы мекеме басшылары

**Кеңес хатшысы**